10.01.2014 жылғы
№ 5 бұйрығымен бекітілген

**«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес АҚ
білім алушыларының қорытынды аттестаттаудан
өткізу ережесі**

## 1. Бакалавриатта қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібі

1.1 ЖОО-да студентерді қорытынды аттестаттау жоғары білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында белгілеген нысандарда өткізіледі, оның ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбемен және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларымен қарастырылған.

1.2 Студентттер оқу жоспары мен барлық оқу нысандарына арналған бірыңғай оқу бағдарламаларына сәйкес барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырады және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғайды.

1.3 Студентке мынадай жағдайда дипломдық жобаның (жұмыстың) орнына екі мемлекеттік емтихан тапсыруға рұқсат етіледі:

1) денсаулық жағдайы медициналық анықтаманың негізінде стационарда ұзақ емделуде (бір айдан артық);

2) бала тууы туралы куәлігінің негізінде 3 жасқа дейінгі балалары бар;

3) ата-аналарының денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың негізінде ауру ата-анасын күтуші;

4) мүгедектік туралы медициналық анықтаманың негізінде мүмкіндігі шектеулі мүгедек.

Екі мемлекеттік емтихан пәндерінің тізбесі бітіртуші кафедра шығарған ұсыныс негізінде факультет (институт) кеңесінің шешімімен бекітіледі.

1.4 Қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес білім алу процесін толық аяқтаған студенттер жіберіледі. Білім алу процесі аяқталуының негізгі өлшемі болып студенттердің жоғары білім мамандықтарына арналған мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарты талаптары мен мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келетін оқытудың теориялық курсы мен кәсіби практикаларының қажетті көлемін меңгеруі саналады.

1.5 Бітіруші курстың студенті жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса, жазғы семестрден өткізілместен қайта оқу курсына қалдырылады.

1.6 Университет ағымдағы жылдың 1-қазанына дейін күтілетін бітірушілер саны бойынша білім саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарға (диплом және қосымша) өтінім ұсынады.

1.7 Студенттерді қорытынды аттестаттау үшін барлық оқу нысандарының әр мамандығы бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – МАК) құрылады.

1.8 Студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу студенттердің тізімі бойынша қорытынды аттестаттауға дейін 2 аптадан кешіктірілмей факультет деканының (институт директорының) өкімімен ресімделіп осы Ереженің 1.4-тармағының негізінде, МАК-қа ұсынылады.

1.9 Студенттерді қорытынды аттестаттау басталғанға дейін МАК-қа факультет деканының (институт директорының) студенттің жеке оқу жоспарын орындағаны туралы, оның барлық пәндер бойынша алған бағалары, олардың көлемі, тапсырған курстық жұмыстары (жобалары), кәсіби практикалардың түрлері мен GPA оқыту кезеңіндегі орта салмақ баға өлшемдері көрсетілген анықтамасы ұсынылады.

1.10. Университет ректоры ағымдағы оқу жылының 1 қарашасына дейін білім беру саласындағы уәкілетті органға осы жоғары оқу орындарында жұмыс істемейтін, ғылыми және академиялық дәрежелері бар профессорлар, доценттер мен оқытушылар арасынан, орта мектептің тәжірибелі мұғалімдерінен, бітіретін мамандықтар бейініне сәйкес келетін өндірістегі жоғары білікті мамандардан МАК төрағаларының кандидатураларын ұсынады.

МАК жұмысына қатысушы мамандар бейіні ғылыми немесе академиялық дәрежелерінің немесе базалық білімінің (диплом бойынша) сәйкестілігімен анықталады. Ұсынысқа ғылыми немесе академиялық дәрежелері туралы немесе базалық білімі туралы тиісті құжаттардың көшірмелері қоса берілуі тиіс.

1.11 МАК төрағасы ағымдағы оқу жылының 20-желтоқсанынан кешіктірмей уәкілетті орган бұйрығымен бір күнтізбелік жылға бекітіледі.

1.12 МАК құрамына оның мүшелері құқығымен: факультет деканы немесе бітіртуші кафедраның меңгерушісі кіреді.

МАК-тың басқа мүшелері бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

1.13 МАК сандық құрамын мамандық бойынша бітіріп шығатын студенттердің контингентіне сәйкес жоғары оқу орны өз бетінше белгілейді және ЖОО басшысының (ғылыми ұйымның) бұйрығымен жыл сайын 31-желтоқсанан кешіктірмей бекітеді және ол күнтізбелік жыл бойына әрекет етеді.

1.14 МАК-тың құзырына төмендегілер кіреді:

1) МЖМБС белгілеген талаптарға сай бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығы сәйкестігінің деңгейін тексеру;

2) тиісті мамандықтары бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін тағайындау;

3) жоғары білім туралы диплом беруге шешім қабылдау;

4) мамандар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

1.15 МАК жұмысының кестесін сектор регистраторы құрады, жұмыс кестесін университет ректоры бекітеді және мемлекеттік аттестаттау

комиссиясының жұмысы басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

111. МАК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс. Осыған байланысты, күніне мемлекеттік емтиханды тапсыруға 12-15 адам, ал дипломдық жұмысты қорғауға 7-10 адам жіберіледі. Мамандықтар бойынша тестілеу нысанында мемлекеттік емтиханды тапсыру кезінде академиялық лекке (немесе топқа) өткізіледі.

1.17 Диплом жобасы (жұмысы) қорғалуына дейін бес күннен кешіктірілмей МАК-қа мынадай құжаттар ұсынылады:

1) диплом жобасы (жұмысы) ғылыми жетекшісінің «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелденген қорытындысы бар пікірі;

2) диплом жобасын (жұмысын) қорғауға берілген жан-жақты мінездемесі және бағалар көрсетілген дәлелденген қорытындысы және тиісті мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін немесе біліктілігін беру туралы рецензия.

1.18 Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) плагиаттық мәніне қатысты тексеру Ақпартта-техникалық қамтамасыз ету орталығымен жүргізіледі. Дипломды қорғау мен плагиатка тексеру нәтижесінде бітіруші кафедра меңгерушісі қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды.

1.19. МАК-қа, сондай-ақ орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми және практикалық құндылықтарын сипаттайтын басқа да материалдар, ресми емес пікірлер, диплом жобаның (жұмысының) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жазбаша қорытындысы, ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, минералдар үлгісі, гербарий және тағы басқа сол сияқты материалдарда ұсынылады.

1.20 Ғылыми жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын жұмыс бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болғанда студент диплом жобасын (жұмысын) қорғауға шыға алады.

Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген жағымсыз қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жобаны (жұмысты) қорғай алмайды.

Білім алушы, рецензенттің оң қорытындысы сияқты, жағымсыз қорытындысы болған жағдайда да дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға жіберіледі.

1.21 Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялау біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдардың мамандары тарапынан жүзеге асырылады.

1.22 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі ЖОО басшысының бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр студентке дербес бекітіледі.

Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) рецензенттері ЖОО ректорының бұйрығымен жұмыс орны, лауазымы және білімі, мамандығы

бойынша ғылыми дәрежесі көрсетіліп бітіртуші кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

1.23 Мемлекеттік емтихандар ауызша, жазбаша, олардың кәсіптік оқу бағдарламаларының көлемі бойынша тестілеу (кешенді тестілеу) нысандарында өткізіледі.

1.24 Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан аталған кешенді емтиханға енгізілген пәндердің оқу бағдарламалары негізінде ЖОО-ның әзірлеген бағдарламалары бойынша өткізіледі.

Мамандық бойынша мемлекетттік емтихан бағдарламасы ЖОО факультеттің кеңесінің шешімімен бекітіледі.

1.25 ЖОО мемлекеттік емтиханның бағдарламасын, тест тапсырмаларын және олардың (ашық, жабық, біріктірілген) тест түрлерін, тестілеуді өткізу технологиясын өзі дербес әзірлейді және бекітеді.

1.26 Диплом жұмысын қорғау МАК-тың ашық отырысында оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан жағдайда қорғалады.

1.27 Бір дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы ереже бойынша бір студентке 50 минуттан аспауы керек. Білім алушыға МАК алдында дипломдық жұмысы туралы баяндама жасау үшін 15 минут уақыт беріледі.

1.28 Мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері бойынша студенттердің білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтары, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлері назарға алынады.

1.30 Мемлекеттік емтихан тапсыру және диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері олар өткізілген күні МАК отырысының хаттамасына қол қойылған соң жарияланады.

1.31 МАК-тың барлық отырыстары хаттамамен ресімделеді. МАК отырысының хаттамалары осы Ереженің 1-3-қосымшаларына сәйкес МАК жұмысы басталға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және оқу бөлімінің (оқу-әдістемелік басқарманың) мөрімен бекітіледі.

1.32 МАК отырысының хаттамалары әр білім алушыға жеке толтырылады. Мемлекеттік емтихан тест түрінде өткізілген жағдайда хаттама толтыруға емтихан ведомосы негіз болады.

1.33 Хаттаманы бітіртуші кафедра қызметкерлері арасынан комиссия құрамына бекітілген МАК хатшысы дауыс беру құқысыз толтырады.

1.34 Хаттамаға мемлекеттік емтихандарда және диплом жұмысын (жобасын) қорғауда анықталған білімдердің бағалары енгізіледі, сондай-ақ берілген сұрақтар мен МАК мүшелерінің пікірлері жазылады. Егер МАК-тың бір мүшесінің пікірі комиссияның қалған мүшелерінің пікірлерімен сәйкес келмеген жағдайда, ол өз пікірін хаттамаға жазады және өзі қол қояды.

Хаттамада «бакалавр» академиялық дәрежесін және біліктілік беру, сондай-ақ студентке қандай диплом (үздік немесе үздік емес) берілетіні көрсетіледі.

1.35 Диплом жұмысын (жобасын) қорғау мемлекеттік емтихан бағалары туралы, сондай-ақ, академиялық дәреже тағайындау және біліктілік беру немесе және мемлекеттік үлгідегі (үздік емес, үздік) диплом беру туралы шешім МАК мүшелерінің отырысына қатысушылардың көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда МАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

1.36 Хаттамаға МАК-тың төрағасы мен отырысқа қатысушы мүшелері қол қояды.

1.37 Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заңына сәйкес МАК-тың хаттамалары ЖОО-ның мұрағатында сақталады.

1.38 Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген студент МАК төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны) МАК-тың басқа отырысы болған күні қорғайды.

1.39 Студент қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспесе, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей апелляция беруіне болады.

1.40 Апелляция өткізу үшін ЖОО басшысының бұйрығымен біліктілігі аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

1.41 Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МАК мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға ___________№_________хаттамамен қайта қаралды _______бет» деген жазумен өзгертіледі және оған МАК мүшелерінің бәрі қол қояды.

1.42 Денсаулық жағдайы туралы МАК-ға ұсынылған құжаттар қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін қарастырылмайды.

1.43 Бағаны жоғарылату мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға және дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

1.44 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруға және/немесе диплом жұмысын (жобасын) қайта қорғауға, қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

1.45 Диплом жұмысын (жобасын) қорғау «қанағаттанарлықсыз» деп есептелген жағдайда, МАК сол жұмысты комиссия анықтаған пысықтаулармен қайтадан қорғауға ұсынуға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуге мүмкіндік береді. МАК-ның бұл шешімі мәжіліс хаттамасына жазылады.

1.46 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлғалар бір жыл өткеннен кейін, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешікпей, ЖОО басшысының атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

1.47 Қорытынды аттестаттауға қайта жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

1.48 Қайта қорытынды аттестаттау алдыңғы қорытынды аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

1.49 Осы емтихандарды тапсырмаған тұлғалар үшін мемлекеттік емтихандар қатарына енетін пәндер тізбесі білім алушы теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспарымен белгіленеді.

1.50 Қорытынды аттестаттау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған студенттер білімі аяқталмағандығы туралы анықтама беріле отырып, ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан шығарылады.

1.51 Қорытынды аттестаттаудан өткен және ЖОО-ның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергендігін дәлелдеген студентке МАК шешімімен «бакалавр» академиялық дәрежесі немесе сәйкес келетін мамандығы бойынша біліктілік тағайындалып, мемлекеттік үлгідегі диплом дипломдық жұмысты (жобасын) қорғау күнінен бастап бір ай мерзімде қосымшасымен ақысыз беріледі.

1.52 Дипломға қосымша студенттің жеке оқу жоспарын орындағаны туралы анықтама негізінде, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарттарымен қарастырылған көлемде оның барлық пәндер бойынша алған бағаларына сәйкес тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), практика мен қорытынды аттестаттау нәтижелерінің түрлері негізінде толтырылады.

Диплом қосымшасына әр оқу пәні бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білім бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

1.53 Емтихандар мен сараланған сынақтарды А, А - «өте жақсы», В-, В, В+ - «жақсы» деген бағаға тапсырған және оқытудың барлық кезеңінде үлгерімінің орта балы 3,5-ке тең мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) «өте жақсы» деген бағаға тапсырған білім алушыға үздік диплом (әскери даярлығы бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

1.54 Оқу кезеңінде емтихандарды қайта немесе қайталап тапсыру жағдайы болған студент осы Ереженің 1.53-тармағында көрсетілген талаптарға қарамастан үздік диплом алу құқығынан айырылады.

1.55 МАК-тың жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы есеп жазады және екі апта мерзім ішінде оны ЖОО-ның басшысына тапсырады, факультет кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

1.56 Студенттерді қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін ЖОО бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік емтихан мен дипломдық жұмысты қорғау нәтижелерін ұсынады.

1.57 МАК төрағасының есебіне кесте мен түсіндірме жазба кіреді.

Кестеде осы Ереженің 4-қосымшасын келтірілген көрсеткіштер көрініс табады.

МАК төрағасы есебінің түсіндірме жазбасында төмендегілер көрсетіледі:

1) ЖОО-да осы мамандық бойынша мамандар даярлаудың деңгейі;

2) диплом жұмысының (жобаның) санның ішінде кәсіпорындардың, ұйымдардың тапсырысы бойынша орындалған диплом жұмыстарының (жобаларының) орындалу сапасы;

3) диплом жұмысы (жобасы) тақырыптарының қазіргі заманғы ғылымның, техниканың, мәдениеттің жай-күйіне және өндірістің талабына сәйкестігі;

4) білім алушылардың мемлекеттік емтихандарда анықталған білімдерінің сипаты, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудағы кемшіліктер;

5) осы мамандықтар бойынша кадрлар даярлаудың сапасына талдау;

6) ЖОО-да мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру жөнінде нақты ұсынымдар.

1.58 МАК төрағасының есебіне жоғары білім бағдарламасын оқып бітірген, білім ұйымының басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген ЖОО-ны бітірушілердің тізімі жалғанады.

## 2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі

2.1 Жоғары оқу орнында магистратура мен докторантурада оқитынтардың қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және мамандықтардың оқу жұмыс жоспарында қарастырылған мерзімде кешенді емтихан тапсыру және магистірлік (докторлық) диссертация қорғау түрінде өткізіледі.

2.2 Қорытынды аттестаттауға оқу жұмыс жоспары мен оқу жұмыс бағдарламалары талаптарына сай оқу үрдісін аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

2.3 Бітіруші курстың білім алушылары жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса жазғы семестрден өткізілместен оқу курсын қайта оқуға қалдырылады.

2.4 Магистралік диссертация жұмыстарын қорғау МАК мәжілісінде, докторанттардың – диссертациялық кеңес мәжілісінде қорғалады.

### 2.1 Кешенді емтихан өткізу тәртібі

2.1.1 Магистранттар мен докторанттардан кешенді емтихан алу білім алушыларға үшін ЖОО Мемлекеттік аттестациялық комиссия (МАК) құрады.

2.1.2 МАК төрағасына кандидатураларды 1 қарашаға дейін білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады:

магистратура мамандықтары бойынша – шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, немесе ғылыми атағының болуы және осы ұйымдарда жұмыс істемеуі;

докторантура мамандықтары бойынша – шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, немесе ғылыми атағының болуы және осы ұйымдарда жұмыс істемеуі.

2.1.3 МАК құрамына оның мүшелерінің құқықтарымен бірдей мыналар кіреді:

магистратура мамандықтары бойынша - шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар тұлғалар (бейіндік магистратура үшін құрылған МАК-тың құрамына, сондай-ақ шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін жоғары білікті мамандар);

докторантура мамандықтары бойынша - шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар тұлғалар.

2.1.4 МАК-тың сандық құрамын ЖОО дербес белгілейді, жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен 31-ші желтоқсаннан кешіктірілмей бекітіледі және ол бір күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

2.1.5 Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу ЖОО бұйрығымен тізім бойынша бекітіліп, қорытынды аттестаттау басталуынан 2 апта бұрын МАК-қа тапсырылады.

2.1.6 Мамандықтар бойынша кешенді емтиханға магистратура мен докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасының міндетті базалық және бейіндік компоненттерінің пәндері кіреді.

2.1.7 Кешенді емтихан келесі нысандардың біреуі бойынша өткізіледі: ауызша, жазбаша бекітілген пәндерден тест.

2.1.8 Кешенді емтиханның бағдарламасын өткізілу нысанын және тапсырмалар мазмұнын жоғары оқу орыны осы кешенді емтиханға енген пәннің оқу бағдарламасы негізінде өздері әзірлейді.

2.1.9 Магистр немесе докторлық бағдарламаларды іске асыратын жоғары оқу орындары тесттік тапсырманы, олардың түрлерін (ашық, жабық, аралас) және тестілеудің өткізілу технологиясын өздері әзірлейді.

2.1.10 Кешенді емтихан:

магистрлік диссертацияны қорғауға дейін 1 ай бұрын;

докторантуралық диссертацияны қорғауға дейін 3 ай бұрын қабылданады.

2.1.11 Кешенді емтихан нәтижелері магистратура мен докторантурада әрбір білім алушы бойынша осы Ереженің 8-қосымшасына сай белгіленген нысандағы хаттамамен ресімделеді.

МАК отырысының хаттамасын бітіртіп шығарушы кафедраның қызметкерлері арасынан тағайындалған МАК-тың құрамында бекітілген хатшы дауыс беру құқысыз жүргізеді.

2.1.12 Кешенді емтихан тест түрінде өткен жағдайда жеке хаттама ресімдеуге емтихандық ведомосы негіз болады.

2.1.13 Алынған оңды бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

2.1.14 Кешенді емтиханның нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

2.1.15 Апелляция өткізу үшін ЖОО басшысының бұйрығымен біліктілігі аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

2.1.16 Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МАК мәжілісі хаттамамен ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға __________№_______хаттамамен қайта қаралды _____бет» деген жазумен өзгертіледі және оған қатысқан МАК мүшелерінің бәрі қол қояды.

2.1.17 Кешенді емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алған магистрант немесе докторант білім басшысының бұйрығымен ЖОО оқудан шығарылып, тұлғаға білімі аяқталмағандығы туралы Анықтама беріледі.

2.1.18 «Қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаларға магистратурада және докторантурада қорытынды аттестаттау кезінде кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

2.1.19 Докторанттардың кешенді емтихан нәтижесі бойынша МАК төрағасы олардың нәтижелері туралы есептемені бір ай ішінде ректорға ұсынады.

2.1.20 Докторанттардың қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы бірыңғай есепке кестелер мен түсіндірме жазба енеді.

Кестеге осы Ереженің 8-қосымшасында келтірілген көрсеткіштер көрініс табады.

Түсіндірме жазбада:

1) аталған мамандық бойынша жоғары оқу орнындағы докторанттардың дайындық деңгейлері;

2) кешенді емтиханда анықталған білім алушының біліміне мінездеме;

3) аталған мамандық бойынша докторанттарды даярлау сапасына талдау;

4) докторанттарды даярлаудағы кемшіліктер;

5) докторанттарды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты ұсынымдамалар жөнінде мәліметтер болады.

2.1.21 Докторанттардың кешенді емтихандарының нәтижелері туралы есепті МАК төрағасы қол қояды, жоғары оқу орнының ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

## 2.2 Магистрлік диссертацияны қорғау

2.2.1 Кешенді емтихан тапсырған магистрант диссертациялық жұмысты қорғауға жіберіледі. Диссертация қорғауға жіберу МАК төрағасының ұсынуы негізінде ректор бұйрығымен ресімделеді.

2.2.2 Пайдаланылған дереккөздерге және авторға сілтеме жасамау мәні бойынша диссертациялық жұмыстарды тексеру жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің магистратурасы және докторантурасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады

2.2.3 Магистрлік диссертацияларды қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Осыған сәйкес, қорғауға күніне кемінде 6-8 магистрант жіберіледі.

Магистрлік диссертацияларды қорғау МАК-тың ашық кеңесінде оның 2/3 кем емес мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

Бір магистрлік диссертацияны қорғау ұзақытығы 50 минуттан аспауы қажет. Магистрант магистрлік диссертациясын қорғау үшін МАК-тың алдында 15 минуттық баяндамамен сөз сөйлейді.

2.2.4 Магистрлік диссертацияның қорғалуы төмендегі жағдайда жүзеге асады:

ғылыми жетекшінің оң пікірі;

ғылыми баспада диссертация тақырыбында кемінде 1 мақала жарық көруі, халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда сөйлеген сөзі;

сараптама комиссиясының диссертацияны ашық түрде қорғауға берген ұсынысының жазбаша қорытындысы;

бітіріп шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырыс хаттамасының көшірмесі);

қорғалатын жұмыс бейініне сай келетін маманның бір рецензенттің рецензиясы. Мұнда диссертацияның жан-жақты сипаттамасы көрсетілген дәлелді қорытындысы және сол мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі көрсетіледі.

Ғылыми жетекші немесе/және бітіруші кафедрасы тарапынан «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынуға болмайды» деген қанағаттанарлықсыз қорытынды берілген жағдайда, магистрант магистрлік диссертациясын қорғау мүмкіндігінен айырылады.

2.2.5 Магистрлік диссертацияның қорғалу нәтижесі осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес бекітілген түрдегі әрбір магистрант үшін жеке хаттамамен ресімделеді.

2.2.6 Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергендігін растаған және МАК кеңестің шешімімен магистрлық диссертацияны ашық қорғаған білім алушыға тиісті мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесі беріледі және қосымшасымен бірге магистерлік диссертация қорғау күнінен бастап бір ай мерзімде мемлекеттік үлгідегі диплом табыс етіледі.

МАК шешімі осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес хаттамамен ресімделеді.

2.2.7 Магистранттардың қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы бірыңғай есепке кестелер мен түсіндірме жазба енеді. Кестеге осы Ереженің 8-қосымшасында келтірілген көрсеткіштер көрініс табады.

Түсіндірме жазбада:

1) аталған мамандық бойынша жоғары оқу орнындағы магистрлардың дайындық деңгейлері;

2) кешенді емтиханда анықталған білім алушының біліміне мінездеме;

3) аталған мамандық бойынша магистрларды даярлау сапасына талдау;

4) магистрларды даярлаудағы кемшіліктер;

5) магистрлік диссертациялардың ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;

6) магистрлік диссертацияларды орындаудың сапасы;

7) магистрлік диссертацияларды қорғаудың деңгейі ғылыми жетекшісінің пікіріне, ресми оппоненттің рецензиясына сәйкестігі;

8) магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты ұсынымдамалар жөнінде мәліметтер болады.

2.2.9 Магистранттарды қорытынды аттестаттаудың нәтижесі туралы есепке МАК төрағалары қол қояды, жоғары оқу орнының отырысында талқыланады және бекітіледі.

2.2.10 Университет магистратурада білім алушылардың қорытынды аттестаттауы аяқталғаннан кейін магистранттарды қорытынды аттестаттауының нәтижесі туралы есепті білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

2.2.11 МАК төрағасының есебіне білім беру басшысы қол қойған дипломның нөмірі, мамандығы, тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп жазылған магистратура бағдарламасын аяқтаған бітірушілердің тізімі тіркеледі.

## 2.3 Докторлық диссертацияны қорғау

2.3.1 Кешенді емтихан тапсырған докторант диссертациялық жұмысты қорғауға жіберіледі. Диссертация қорғауға жіберу МАК төрағасының ұсынуы негізінде ректор бұйрығымен ресімделеді.

2.3.2 Пайдаланылған дереккөздерге және авторға сілтеме жасамау мәні бойынша диссертациялық жұмыстарды тексеру жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің магистратурасы және докторантурасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3.3 Осы Ереженің 2.3.2-тармағына сәйкес жүргізілетін тексеруден кейін докторанттардың диссертациялық жұмыстары сараптамадан өтеді. Осы мақсатта біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) қорғалатын диссертациялық жұмыстың бейініне сәйкес келетін диссертациялық кеңес мүшелерінің арасынан сарапшы тағайындалады.

2.3.4 Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бұйрығымен бекітілген докторлық диссертацияларды қорғау диссертациялық кеңесте жүзеге асырылады.

2.3.5 Докторлық диссертацияларды қорғау:

ғылыми кеңесшілердің дұрыс пікірлері;

доктор ғылыми дәрежелеріне ұсынылған диссертацияның ғылыми нәтижелері кем дегенде 3 (үшеуі) Комитет ұсынған ғылыми басылымда, 1 (біреуі) Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 3 (үшеуі) халықаралық конференция

материалында, оның ішінде 1 (біреуі) шетелдік конференция материалында жариялануы тиіс;

бітіртіп шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);

қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар (ғылыми дәреже) , диссертацияға жан-жақты сипаттама берілген және нақты бағалары көрсетілген дәлелді қорытындысы («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз») және философия докторы немесе тиісті мамандықтың бейіні бойынша жоғары академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі баяндалған екі ресми рецензенттің екі рецензиясы болған жағдайларда жүзеге асырылады.

2.3.6 Университет докторанттың диссертациясын талқылауды кафедра (кафедраларда) талқылауға қамтамас етеді. Кафедра отырысында кем дегенде 2/3 (үштен екі) кафедра мүшелері, докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы ғылыми дәрежесі бар мамандары кем дегенде 2 (екі) және ғылыми кеңесшілері қатысады. Шет елдік кеңесші мәжіліске қатыса алмаған жағдайда оның пікірін кафедра меңгерушісі оқиды.

2.3.7 Диссертациялық кеңеске университет жоо балкісінде ілеспе хат жібереді:

1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлерін (мемлекеттік құпияны сақтайтын отандық кеңесшілердің пікірлері диссертация үшін);

2) диссертация орындалған кафедраның мақұлдау шешімі;

3) электрондық арқауда қатты мұқабада диссертация;

4) ғылыми еңбектер және оның көшірмелері;

5) оқу орны бойынша жоо кадр қызметімен бекітілген жеке парағы;

6) докторантураның кәсіби оқу бағдарламасын толық меңгерген туралы транскрипт көшірмесі.

